


# СИРИЯ

Сирия — Батыс Азиядағы мемлекет, Таяу Шығыс елдерінің бірі. Жер аумағы 185,2 мың км<sup>2</sup>

астанасы — Дамаск қаласы

Климаты - субтропиктік және теңіздік. Қаңтардың орташа температурасы 12°C, тамызда 27°C. Жылдық жауын-шашын мөлшері 700 — 1500 мм



**Халқы** -16 млн. 729 мың (2001). Негізінен сириялық арабтар, олардан басқа күрдтер, армяндар, түрікмендер, шеркестер, сығандар тұрады. Сириялықтар, сириялық арабтар — Сирияның негізгі халқы. Саны 6,4 млн. жуық. Сондай-ақ 200 мыңнан астам Сириялықтар басқа елдерде (негізінен Оңтүстік Америкада) тұрады.





# СИРИЯ ЕЛІНІҢ ЕҢ АТАҚТЫ



# Әл-Фараби (870-950)

Әбунасыр Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Фараби – орта ғасырдағы ұлы ойшылдардың бірі.

Ол Отырар қаласының маңындағы Уасиди қамалында, Қыпшақ отбасында дүниеге келген

Отырарда туылып, білім іздеп араб жазирасына сапар шегеді. Сол жерден топырақ бұйырған. Мазары Сириядағы белгілі адамдар жерленетін- Баб ас-Сағир зиратында

Шығыстың ұлы ойшылдары Ибн Сина (Авиценна), Бируни, Омар Хаям, Жами әл-Фарабиді өздерінің ұстазы әрі тәлімгерлері санаған.

Әл-Фараби сондай-ақ математика, геометрия, астрономия, физика, география, медицина, ғылыми философиялық еңбектерді де көп жазған, Эвклид пен Птолемейдің, Аристотельдің, Платонның және басқа ежелгі ойшылдардың еңбектеріне терең түсініктеме, талдау жасап, «Екінші ұстаз» деген құрметті атты иеленді.



# МҰХАММЕД САИД РАМАЗАН ӘЛ-БУТЫЙ (1929 – 2013)

Ислам қайраткері, профессор, доктор Мұхаммед Саид Рамазан әл-Бути 1929 жылы Түркияда Сирия мен Ирак мемлекеттеріне шекаралас жатқан Ширнак облысы, Жизре ауданы, Бутан ауылында дүниеге келген. Ұлты – күрд

Көптеген ғылым орталықтарына мүше болды. Атап айтсақ, Иорданияның астанасы Аммандағы Ислам мәдениетін зерттеу орталығының, Америкадағы «Оксфорд» білім ордасында құрылған «жоғарғы академия мәжілісінің», Абу Дабидағы «Жоғарғы шариғат кеңесінің» мүшесі, Сирия елінің Ислам ғалымдары бірлігінің төрағасы болды.

Шариғат ғылымына қатысты еңбектерімен қоса жан тәрбиесі, суфизм, философия, социология және мәдениеттануға қатысты да жазған қырықтан астам еңбектері бар.

Ол: «Агрессиялық жолмен, қару қолданып билікті ауыстырам деу дұрыс емес. Өйткені, бұл бейбіт халықтың қанға боялуына алып келіп, қоғамның кұтын қашырады», – дей отырып бүгінде елде болып жатқанда шиеліністерді сыңға алып, халықты бейбітшілікке шақырды.





# Башар әл-Асад

**Башар Хафиз әл-Асад** 11 қыркүйе 1965 жылы Дамаскіде туған. Сирияның — 16-шы президенті. 17 шілде 2000 жылы таққа отырды.. 2007 жылы қайта сайланды. АҚШ билігі оны антиамерикалық көзқарастары үшін және терроризм мен Саддам Хусейннің тәртібін қолдады деп айыптады, ал Ресей Башар билігін қолдайды. Қалай десек те, қантөгіс, соғыс болып жатқанына қарамастан Сирия халқының 88% -дан астамы дауыс беріп, 2014 жылы Башар әл-Асадты президент Етіп сайлады.



**Тілі.** Сириялықтар араб халқына жататындықтан араб тілінің сириялық диалектісінде сөйлейді. Ресми тілі — араб тілі  
Елдің солтүстігінде күрд тілі қолданылады. Сонымен бірге Армян тілі  
Шет тілдерінің қатарында — Орыс тілі, Француз тілі және Ағылшын тілі қолданылады

**Діні.** Тұрғындарының 90%-ы мұсылмандар, қалғандары христиандар (православтар, католиктер, марониттер, т.б.) Мұсылмандардың 87 % — сунниттер, қалған 13 % — әләуилер және исмаилиттер, сонымен бірге шииттер де бар. 633 жылдан бастап Араб халифатының қурамына енеді. Содан бастап сириялықтар ислам дініне көшеді.

**Мамырдың тарихи оқиғалары:**

1. 1943 ж. желтоқсанда Сирия тәуелсіздігін алды.
2. 1980 — 90 ж. Таяу Шығыстағы араб мемлекеттерімен достық қарым-қатынас





# СИРИЯНЫҢ МАҢЫЗДЫ МӘДЕНИ ОШАКТАРЫ





**Омейядтықтар мешіті** дүние жүзіндегі ең ірі құрылыстың бірі болып саналады. Оның ауданы, ауласымен қосқанда созылып, қаланың екі қаласын алып жатыр деуге болады. Ауласын санамағанда, құлшылық жасайтын үлкен залдың өзінің ұзындығы – 136 метр, ал ені – 37 метр. Мешіт хижраның 41 – 60 жылдары арасында, қазіргі жыл санау бойынша 661 – 680 жылдарда салынған.



# Бейбарыс қамалы. Крак де Шевалье

1110 жылы салынған қамал. Қорғанның ішінде әскер бөлмелері, басшының орны, қарауыл орны, азық сақтайтын жер т.б бөлімдер бар. Кезінде осы қамалды христиандар кресшілері басып алып, өздерінің бекінісіне айналдырған. Бұл жерден шабуыл жасап сириялықтарға маза бермеген. Француз кресшілері қорғанның атын Шевалье деген ұлықтарының атына Аударып, Крак де Шевалье, яғни Шевалье қорғаны деп атаған. Атақты сұлтан Салахаддин бұл қорғанды ала алмаған көрінеді. Шамасы алпыс жылдан соң қамалды біздің елден күл боп барып сұлтан, яғни билеуші дәрежесіне көтерілген Сұлтан Бейбарыс аз-Захир босатқан. Осыған байланысты оны жергілікті халық Бейбарыс қамалы деп атайды.






Егер дәл бүгінгі жағдайда Сирия еліне баруға мүмкіндік туса, мен бармас едім едім. Себебі, әбден соғыстан титықтаған мемлекет шет елдің адамы түгіл өз елінің адамын да жарыта алмай тұр. Ал егер Сирияда бейбіт заман орнап тұрған болса(әумин) мен өзім-мен бірге ол елге Әл-Фараби, Бейбарыс, Абай, Бауыржан сынды әлемдік тұлғалардың суреттерімен қоса олар жайлы мәлімет апарар едім. Және гидтен(путеводитель) жоғарыда





Егер Сириядан өз еліме естелік заттар алып келу мүмкіндігі туса, ең алдымен, Рамазан Әл- Бутыйдың кітаптарын алып келер едім. Егер одан бөлек тағы мүмкіндік туып жатса, тағы да араб халқының құнды кітаптарын алып келер едім. Өзім оқи алмасам да біздің елде қазір араб тілінен қазақшаға аударатындар баршылық. Егер мүмкіндік туып жатса, Омейядтықтар мешітіне, Бейбарыс қамалына және әл-Фараби жерленген Баб ас-Сағирға барып, әбден тамашалап, естелікке селфи жасап қайтар едім))).





# **Сириялықтар мен қазақ халқының ұқсастықтары:**

1. Руға бөлінуі
2. Халқының басым көпшілігі ислам дінін ұстанатындығы

# **Сирилықтар мен қазақ халқының айырмашылықтары:**

1. Қазақ халқы 18 ғасыр мен 1991 жылға дейін тек Ресейдің боданы болды, ал сириялықтар төр халықтың(араб, түрік, француз, ағылшын) боданы болған.
2. Қазақтарда 8-наурызды әйелдер күні мейрамы болса, сириялықтарда бұл күн Баастың мемлекет басына келуі мейрамы.
3. Біздің халық ислам дінін ұстанғанымен әйел затының киім киісі көп жағдайда ислам талаптарына сай келе бермейді, ал керісінше, сирия халқының мұсылан әйелдері көп жағдайда ислам талапарына сай киінеді

Мен осы профайлингті жасауға шамамен 5 сағат сарп еттім.

Ең атақты 3 тұлғасын іздеуге көп уақытым кетті.

Ал қалған жерлерін жасау аса қиынға соқпады.

Мәліметтер мен мен суреттерді әртүрлі ғаламтор сайттарынан іздеп таптым және біраз мәліметті Ақжан Машановтың “әл-Фараби және Абай” деген кітабынан алдым.

Осы профайлингті жасау барысында Сирия мемлекеті жайлы осы уақытқа дейін білмей келген мәліметтерге қанық болдым!!!



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ**